


Педкеңесте қаралды :
29.08.2025 жыл

Бекітілді: 
«Балапан» балабақшасы
менгеруші м.а.
М.А.Абдуллаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына «Балдырған» кіші тобына арналып
ұйымдастырылған музыка іс-әрекеттің перспективалық жоспары.

Музыка жетекшісі: Балтабаева Т.Е.

2025-2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 оқу жылына арналған музыкадан ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

МКҚК «Балапан» Балабақшасы «Балдырған» кіші тобы (2 жастан бастап)
Музыка жетекшісі: Балтабаева Таңшолпан Елтайқызы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Мақсаты: Түрлі сипаттағы әуендер тыңдап, музыканың көңіл күйін сезінуге баулу. Міндеттері: Музыканы тыңдауға, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп бірге ән салуға баулу; музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Мазмұнды ойындарға қуыршақтар қолдану арқылы қызығушылықтарын арттыру. Музыка тыңдау: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ән айту: Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу).
Қазан	Мақсаты: Үлкендердің көмегімен әуенді қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету. Міндеттері: Әнді тыңдап, мағынасын түсіну, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересектермен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырату; аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді Ән айту: Күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру. әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау.

Қараша	Мақсаты: Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу. Міндеттері: Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату секілді қарапайым би қимылдарын үйрету; қимылды-әуенді ойындар арқылы әуенді сезіне қимылдар жасауға баулу. Үлкендермен қосыла ән айтуға үйретуді жалғастыру. Қызығушылықтарын арттыру, қуанышты көңіл күй сезіміноятү. Музыка тыңдау:Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ән айту: Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу.
Желтоқсан	Мақсаты: Қарапайым би қимылдарының бірізділігін есте сақтауғаүйрету. Міндеттері: Музыканың ауыспалы кезеңдерін тыңдауға, музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратуға, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға,мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру дағдыландыру. Музыка тыңдау: Жана әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау. Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; жаттығулар мен билерде сүйемелдейтін музыканың қарама- қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу – жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауысу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өту.

Қантар	Мақсаты: Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу. Міндеттері: Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, әннің сөздері мен жеке буындарына қосыла айтуға, мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге үйрету, екі түрлі пьесаның формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Қимылдық ойын арқылы қызығушылық сезімін ояту Музыка тыңдау: Музыканы тыңдай білуді, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру; Ән айту: Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қол қимылдарын: "шапалақ – шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру
Ақпан	Мақсаты: Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру. Міндеттері: Күрделі емес қимылдардың бірізділігін естесек сақтауға, әннің сөздері мен жеке буындарын анық айтуға, музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу. Ән айту: Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар: Кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру. таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау, қайталау. Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау.

Наурыз	Мақсаты: Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу. Міндеттері: Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып топпен айтуға, ұнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға, таныс қимылдарды қайталауға дағдыландыру; таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру. Сәбилерге қамқорлық, жанашырлық көрсете білуге баулу. Музыка тыңдау: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән айту: Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.
Сәуір	Мақсаты: Көктем мезгілі туралы түсінік беру; әуенді сезіне білугебаулу. Міндеттері: Аспапта педагогтің орындауындағы пьесаларды тыңдауға, қарапайым би қимылдарын (басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру) бірге жасауға, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, әнді бірге уақытында бастап және аяқтауға дағдыландыру. Ойынға белсене қатысуға үйрету, ұйымшылдыққа баулу. Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу; Ән айту: Әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну (ересектердің қатысуымен); әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу.

Мамыр	Мақсаты: Таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау, қайталау. Міндеттері: Аспаптарда педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдау, аяқтың ұшымен, өкшеменқою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында және шашыраңқы топылдатып жүругемашықтандыру. әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларынқалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту. Музыка тыңдау: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән айту: Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Трлі аспаптарда педагогтың орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, таныс әндерді қосылып айту, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу.
---	---